Балаларды қабылдау	Балаларды денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Жайлы жағдай жасап, баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау (Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет) Апта дәйексөзі: Кітап алтын қазына				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Сәуір айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу (танымдық, еңбек іс-әрекеттері) Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.				
	Кітаптарды қарату, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Автобус аялдамасы», «Тройлелебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеттер) Дидактикалық ойындар	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауына мүмкіндік беру Балалармен жеке жұмыс жүргізу. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Таңдауы бойынша жануарлар бейнеленген ойындармен ойнауына	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (танымдық іс-әрекет)

			танымдық іс-әрекет)	жағдай жасау (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс. (танымдық іс-әрекет)	
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді дамыту. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет) «Суды, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілідіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымыю) Бірге күліп жүреміз Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Көктемде ағаштар қалай өзгереді? Өзгерістерді қалай байқай аламыз? Ағаштар туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				

	түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту «Бақша ағаштары» Мақсат-міндеттері: әңгімесін оқып беру. Не туралы екенін сұрау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді жетілдіру	Көркем әдебиет «Асыл шөп» Мақсат-міндеттері: әңгімесін оқып беру. Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Злиха мен Бәтиманың рөлін сомдауына мүмкіндік беру	Сауат ашу негіздері Менің есімім Мақсат-міндеттері: Өзінің есімін атау, оған дыбыстық талдау жасату: Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтату. сыртынан шетке шықпай бастыру, бояту дағдыларын жетілдіру	Сөйлеуді дамыту «Тәртіпсіз лақ» Мақсат-міндеттері: әңгімесін оқып беру. Төлтайдың орнында болған не істер едіңдер деген сұраққа әңгілесу. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді пысықтау.	Көркем әдебиет Саханалау. Мақсат-міндеттері: Апта бойы айтылған әңгімелер бойынша белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: <i>Жүру:</i> сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> заттардан аттап жүру, <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі	Музыка Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Мақсат-міндеттері: Өр балаға берілген карточкадағы суреттегі бейнелеген затқа дыбыстық талдау жасату. Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтату. Дайын суреттердің сыртынан шетке шықпай бастыру, бояту дағдыларын жетілдіру	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: <i>Жүру:</i> сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> заттардан аттап жүру, <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, <i>Секіру:</i> бір орында тұрып, алға қарай 3–4	Музыка Сауат ашу негіздері «Тәртіпсіз лақ» Мақсат-міндеттері: әңгімесіндегі сөздерге дыбыстық талдау жасату: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтату.	Математика негіздері Логикалық тапсырма Мақсат-міндеттері: Шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Командалық тапсырманы шешу. Логикалық тапсырмаларды топпен орындауын ұйымдастыру. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.
					Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы</u>

қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; <u>Қимылды ойын:</u> «Біз көңілді балалармыз» Математика негіздері Тапсырмалар Мақсат-міндеттері: Логикалық тапсырмаларды карточкалар арқылы орындату. Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу. Тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Ағаш қалай өседі. Мақсат-міндеттері: тақырыбында видео көру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау,	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру Ою өрнектер Мақсат-міндеттері: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» туралы түсінігін кеңейту,өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Оюлардың суреттерін бояу Біртекті заттардан сюжеттер құруды өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету. Жоғарыда аталған оюлардың шығу тегіне қарай заттар мүсіндеу Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қиюды үйрету. Балалардың дербес әрекеті	метр қашықтыққа жылжу арқылысекіру, <u>Қимылды ойын:</u> «Тышқан ұстаушы» <u>Спорттық ойын</u> <u>элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қазақ тілі Айтыс Мақсат-міндеттері: Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Айтыс тыңдату, ол не туралы екенін түсіндіру. Математика негіздері Карточкалармен жұмыс Мақсат-міндеттері: Карточкаларда берілген тапсырмаларды орындату. Шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.	Дайын суреттерінің сыртынан шетке шықпай бастыру, бояту дағдыларын жетілдіру Қоршаған ортамен таныстыру Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу Мақсат-міндеттері: өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Сурет бойынша балалардың әңгімесін тыңдау	<u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; <i>Тене-теңдікті сақтау:</i> заттардан аттап жүру, <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; <i>Секіру:</i> бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылысекіру, <u>Қимылды ойын:</u> «Қу түлкі» <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға
---	---	--	--	---

	Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылату, талдау, салыстыру, ажырату қабылеттерін қалыптастыру.	Бау бақша құрастыру. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланысорнату дағдысын дамыту.			бұрылу. Қазақ тілі Алтын сандық Мақсат-міндеттері: Алтын сандықтан шыққан заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
Серуен	Ауа райын бақылату. Айналындырғыштарды алып шығып желдің бағытын анықтату. Құстарға жем бергізу. Іздерді бақылату. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Ұлттық ойын	Спорттық ойын элементтері: Бадминтон воланын ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттап отырып лақтыруды үйрету. Қимылды ойын «Ұшты ұшты»	«Балалар кітапханасы» жобасы «Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні. Балалардың бір біріне кітап сыйлауын ұйымдастыру. Ағаштардың бүршік	Өлі және тірі табиғат нысандарын тауып таныстыру. Олардың не үшін олай аталатынын зерттеу. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Қимылды ойындар. Ынта мен	Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер

	«Асық ату» қимылды ойынды ойнауды үйрету Балалардың қалауы бойынша құмда сурет салу жағдайын жасау.	Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөптер өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет) «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	жаруын, гүл атып, жапырақ ашуын күнделікті бақылату. Көргендерін қағаз бетіне сурет түрінде түсіріп салғызу. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасату. (Музыка) Ұлттық ойын «Ханталапай»	шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұнайтын тақпағын қайталап жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін дамыту. (танымдық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» Құмда еркін тақырыпта суреттер салғызу. (бейнелеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. (дербес әрекет, еңбек әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту)				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру.				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін күй қою, әлем ертегілерін оқып беру. (көркем әдебиет) «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қояды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан ағаштардың түрлерін көрсетіп таныстыру. Танитын ағаштарын атату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Алма өрік және шиес ағаштарын таныстыру. Олардың гүлдерімен таныстыру. Гүлдердің ұқсастығы мен айырмашылығын табу. Қағазға салу, балабақша	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша такпақтар жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың қалауы	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру.	«Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй қою

	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ағаштардың суретін салғызу немесе мүсінін жасату. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)	ауласынан осы гүлдерге ұқсас гүлдерді таптырту (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет) Лего құрастыру бөлшектері арқылы гүлденген бақша құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті)	бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен ағаштарға гүлдар жасап мүсінді толықтыру. Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)	(бейнелеу іс-әрекеті) «Асыл шөп» әңгімесін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Даладағы ағаштардың жапырақтарына ұқсас түсті таңдап жапырақтарды қиып ағашқа жапсыруды үйрету. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға суреттегі сөздерді буынға бөліп үйрету.	Балаларға сандарды рет ретімен қойдыртып үйрету.	Балаларға көктем мезгілдерінің белгілеріне қарап суреттен табу	Балаларға мақал - мәтелдерді сурет арқылы табуға үйрету.	Екеуден үстел үсті ойыны доминомен ойнату.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұлттық ойын «Соқыр теке»	Ұлттық ойын «Тақия тастамақ»	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»

	Балалардың дербес ойындары Телефоннан көңілді музыка қойып би билеу. (музыка)	Балалардың дербес ойындары Құм бетіндегі іздерді бақылау. (танымдық іс-әрекеті)	заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Күш сынаспақ»	Бақша ауласындағы ағаштарды бақылату. (танымдық, еңбек іс-әрекет) Ұлттық ойын «Омпы»	Ұлттық ойын «Атбақыл»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналар баланың ағаштар туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Рауан» ЖТДО

Әрісәт Әбуғали

Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04-12.04.2024 ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 08.04.2024	Сейсенбі 09.04.2024	Сәрсенбі 10.04.2024	Бейсенбі 11.04.2024	Жұма 12.04.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) . Апта дәйексөзі:Кітапты сүйіп оқы, Көңілге түйіп оқы.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау "Комплимент" сәлемдесу негізінде баланың өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл жанындағы адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздерді қолдануын дамыту . (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету (Қарым-қатынас іс-әрекеті)				
	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. (танымдық іс әрекет)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарату. (жануарлар құстар,	Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)	Кітаптарды қарату, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (көркем әдебиет) Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту,	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті)

		өсімдіктері бар) (танымдық іс әрекет)		жапырақтың шаңын сұртуді менгерту. Балалармен жеке жұмыс.	
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер «Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Аспан әлемі туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Аспан әлемі Мақсат-міндеттері: Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай, апта? Күндіз ба, әлде түн ба? Түнде не болады? Аспанда біз не көреміз? Аспан әлемін көргілерің келе ме? де сұрап. Балаларды ғылым орталығына шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Жұлдыздарды көрсету. Оларды таныстыру. Шолпан жұлдыз Құйрықты жұлдыз туралы айтып беру. Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу. Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> аяқтың ұшымен, аяқтың	Көркем әдебиет Ғарышкер Мақсат-міндеттері: Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Ғарышкер киімдерін жасап, рөлдерді сомдап ойнату. Музыка Сауат ашу негіздері Жазу жазайық Мақсат-міндеттері: Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Мақсат-міндеттері: Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін	Сауат ашу негіздері Суретпен жазамыз Мақсат-міндеттері: Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру:</i> аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> кедергілер арасынан еңбектеу; <i>Секіру:</i> екі тізенің арасына	Сөйлеуді дамыту Ләпбуктан ғарыш туралы көрсету. Мақсат-міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Музыка Сауат ашу негіздері Әдемі жазу Мақсат-міндеттері: Жазу парағын бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,	Көркем әдебиет Сахналау. Мақсат-міндеттері: белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Ай мен жұлдыз туралы ертегі құрастыруға баулу Математика негіздері Қозғалыс бағыттарын тану Мақсат-міндеттері: Қозғалыс бағыттарын танып қолдануын дамыту: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету. Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u>
---	---	--	---	--	--

ішкі және сыртқы қырымен жүру; <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Жүгіру:</i> шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> «Табан балық және шортан»	жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау. Затқа қарап мүсіндеуде зымыранның пішіні сақтап мүсіндеуді жетілдіру. Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. Тізіліп тұрған жұлдыздар қиып алу. Балалардың дербес құрастыру әрекеті. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.	қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> «Жүгіріп өтуге үлгер» <u>Спорттық ойын</u> <u>элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қазақ тілі Мен ғарышкер боламын Мақсат-міндеттері: жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Күндіз білінбейді, Түнде күлімдейді. (Жұлдыз)	бояу дағдыларын жетілдіру Қоршаған ортамен таныстыру Сезім мүшелері Мақсат-міндеттері: Қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуін дамыту. Әр түрлі заттарды тану, көздерін байлау арқылы	<i>Жүру:</i> аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> кедергілер арасынан еңбектеу; <i>Секіру:</i> екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; <i>Лақтыру, қағып алу, домалату:</i> допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;
---	--	---	--	--

	Математика негіздері Тең және тең емес Мақсат-міндеттері: қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруды дамыту. Геометриялық фигуралардан аспан әлеміне саяхат жасайтын зымыран құрастыру. Өрнектерді салуға дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Мақсат-міндеттері: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Республикадағы қалалармен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.		Ғарышкер ұшты ғарышқа.Ғарышқа ұшты ғарышкер.Айтшы, ғарыш алыс па? Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. <i>Ж.Смақов</i> Математика негіздері Кеңістікте бағдарлау. Мақсат-міндеттері: Қозғалыс бағыттарын танып қолдануын дамыту: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Допты әр түрлі бағытқа команда бойынша қойып көрсету. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.	<u>Қимылды ойын:</u> «Кімнің тобы тез жинақталады?» <u>Спорттық</u> <u>жаттығулар:</u> Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Қазақ тілі Өңгіме құрау. Мақсат-міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сурет
--	---	--	--	--

					бойынша әңгіме арқылы ұйымдастыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. (танымдық іс әрекеті) Күрекшелермен ағаштардың топырағын қопсыту. (еңбек іс-әрекеті) Аулада көрген заттарын құмда таяқпен салғызу. (бейнелеу іс-әрекеті)	Табиғи қалдық материалдардан зымыран құрастыру (танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Құмнан ай мен жұлдыз жасату. (Зерттеу іс әрекеті) Еркін ойындар Ұлттық ойын «Қара құлақ» Спорттық ойын элементтері: Бадминтонның воланын ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды пысықтау	Бақылау, еңбек Мақсаты: Балабақша ауласындағы еңбек иелерінің жұмысын бақылату. Бірлесе жұмыс жасату. Ағаштар мен гүлдерді күту. (зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті) Тиым сөздерді мақалдарды естеріне түсіру айтқызу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Көтермек» Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.	«Ай мен жұлдыз» ертегісін естеріне түсіру. Рөлдерге бөліп ойнату, ертегідегідей қорапты қолдан жасату. (Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті) Құмды жұлдыздардың формаларына салып жасату. (шығармашылық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Күш сынаспақ» «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін,	Жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылауды ұйымдастыру. (танымдық іс-әрекеті)

	Еркін ойындар Ұлттық ойын «Әуе таяқ»		Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдату. (музыка)	тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Ұлттық ойын «Аударыспақ»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтан соң ас қайыру, бата беру. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарату, Балалардың қалауы бойынша ертегі оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. ((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ертегі кейіпкерлерінің мүсінін жасау. Қағаздан қиып жапсырту. (Шығармашылық іс-әрекет)	«Мен ғарышкер боламын» тақпағын жаттату. Бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. Құрастыру ойыншықтарымен дербес іс әрекеттерді жасау. (Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет) Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді дамыту: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүртуді орындату. (еңбек әрекеті)	«Аспан әлемі» тақырыбында ұжымдық жұмыс жасау (Шығармашылық іс-әрекет) Кітаптарды қарату. ғарышкер туралы жаңылтпаш жаттауды қайталау. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) «Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті» сюжетті рөлдік ойындар	Жеті қарақшы жұлдызы туралы ақпарат беру. Оларды неге олай атайды балалардан сұрау. суреттер арқылы түсінік беру (Танымдық, зерттеу іс әрекет) Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру.	Балаларды орталықтарға бөліп, ғарышкер бейнесін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыруына мүмкіндік беру. (Шығармашылық іс-әрекет) Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдату. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс	Топпен ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуды дамыту	Балаларға берілген буынға сөз құрастыруды үйрету	Балалар заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруын жетілдіру	Балаларға ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету	Топ балдарына Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіндіру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен				

	жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Бақша ауласындағы ағаш бұтақтары мен жапырақтарын жинату. (еңбек іс-әрекеті) Қимылды ойын «Тымпи» Балалардың еркін ойыны	Ұлттық ойын «Шалма» Балалардың еркін ойыны Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка)	Қимылды ойын «Жаңылма» Балалардың еркін ойыны	Ұлттық ойын «Сақ құлақ» Балалардың еркін ойыны	Ұлттық ойын «Жүйріктер жеңеді» Балалардың еркін ойыны
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Ғарышкерлер туралы не білгендерін сұрау. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру.				

Әрісәт, Әбуғафар

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы «Рауан» ЖТДО

Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024 ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 15.04.2024	Сейсенбі 16.04.2024	Сәрсенбі 17.04.2024	Бейсенбі 18.04.2024	Жұма 19.04.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту). Апта дәйексөзі: Күш білімде, білім кітапта				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу				
	Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру (Танымдық, еңбек іс-әрекеті)	Кітаптарды қарату, ертегілер, әңгімелер айтып беру. Балаларға жеке тапсырма беріп жұмыстарды орындату (Танымдық, қарым - қатынас іс-әрекеті)	«Менің ертегі кейіпкерім» аясында, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Интеллектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату. Балалармен жеке жұмыстар жасау (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жүргізу (шығармашылық, танымдық іс-әрекеті)	балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен құрастыру, шығармашылық жұмыстарды жасау Балалармен жеке жұмыстарды жүргізу (Танымдық, қарым

					-қатынас іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. Жүректен жүрекке жақсы тілектер бір біріне тілеу. Жаңалықтарымен бөлісу. «Жер ана» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Сурет бойынша әңгіме Мақсат-міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Педагогтың көрсеткен суретке қарап сөздің дыбысталуын ажыратуды үйрету. Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <u>Жүру:</u>	Көркем әдебиет Күшік пен қасқыр Мақсат-міндеттері: Күшік пен қасқыр ертегісін қолғап театры арқылы айтып беру. Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Музыка Сауат ашу негіздері Жер ана Мақсат-міндеттері: Жер ананың сыйларының бірі	Сауат ашу негіздері Жеміс пен жидектің Мақсат-міндеттері: айырмашылығын тапқызу. Неге жидек неге жеміс деп атайды. Оларға дыбыстық талдау жасату : сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру	Сөйлеуді дамыту Суретті сипатта Мақсат-міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Балаларға кітаптағы суреттерге қарап интонация белгілерін таңдатып, соған қарай сөйлем құрап айтуын ұйымдастыру. Музыка	Көркем әдебиет Сахналау. Мақсат-міндеттері: Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Өздеріне ұнайтын ертегілерді сахналату. Математика негіздері Салыстыру. Мақсат-міндеттері: Топтан ағаш пен пластмасстан жасалған заттарды жинап, беттестіру,

тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; <i>Тене-теңдікті сақтау</i>: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу</i>: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); <i>Секіру</i>: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; <u>Қимылды ойын</u>: «Біз көңілді балалармыз» Математика негіздері Ағаш ойыншық Мақсат-міндеттері: Топтан ағаштан жасалған ойыншықтарды табу. Оларды беттестіру,	жеміс жидектер екенін айтып олардың макетін көрсету. Оларға дыбыстық талдау жасату: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Жидектер Мақсат-міндеттері: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай жидектердің сұлбасын салуды үйрету Бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді үйрету. Жидектер себетін	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u>. <u>Негізгі қимылдар</u>: <i>Жүру</i>: тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; <i>Тене-теңдікті сақтау</i>: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Еңбектеу, өрмелеу</i>: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); <i>Лақтыру, қағып алу, домалату</i>: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; <u>Қимылды ойын</u>: «Әткеншек (Карусель)» Спорттық ойын	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау. :Қандай сөздерге дыбыстық талдау жасай алатындарын сұрау. Өздерінің таңдауы бойынша сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтату Жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру Қоршаған ортамен таныстыру Үлкенге құрмет. Мақсат-міндеттері: Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек	тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды қалыптастыру. Тік және көлбеу сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u>. <u>Негізгі қимылдар</u>: <i>Жүру</i>: тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; <i>Тене-теңдікті сақтау</i>: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; <i>Жүгіру</i>: бір сызыққа қойылған заттардың
--	---	--	---	---

	тұастастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды қалыптастыру. Тік және көлбеу сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Техника Мақсат-міндеттері: Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды пысықтау. Олармен көп ойнаған зиян екендігін түсіндіру. Оның орнына үйде қандай ойындар ойнауға болатынын ойнап көрсету. Балалардың бір біріне ұсыныс айтуын ұйымдастыру.	қиып жапсырту Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды меңгерту. Ермексаздан жемістер жасату. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдауды дамыту. Жемістер мен жидектер бағын құрастыруды жетілдіру.	<u>элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қазақ тілі «Жер анаға құрметті қалай көрсетеміз» Мақсат-міндеттері: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. «Жер анаға құрметті қалай көрсетеміз» тақырыбында сурет бойынша әңгіме. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. Туған жердің жуасы да тәтті. Туған жердің торғайы да сүйкімді. Мақалдарын жаттату.	көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Сюжетті рөлді ойындар ойнау арқылы көрсету.	арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</i> сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> «Тышқан ұстаушы» <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Қазақ тілі Санамақ Мақсат-міндеттері: Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату.
--	---	--	--	--	---

			Математика негіздері Жемістер мен жидектер Мақсат-міндеттері: Жемістер мен жидектерді беттестіру, тұастастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды қалыптастыру. Тік және көлбеу сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.		Санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ.Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыру, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру. Серуенде ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.Ретімен киінуін (ауа-райы жағдайына байланысты) бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құмға пішіндерді басып әр түрлі бейнелер салдырту. Құмның қасиетімен таныстыру. Топырақпен салыстыру. (Танымдық, бейнелеу іс-әрекет) Ұлттық ойын	Кітаптар алып шығу. Жер ананың әр түрлі болатынын кітаптағы суреттермен салыстыру. Өзара қарым қатынас жасауларын дамыту. (қарым қатынас іс әрекеті) Құмда өздерінің аяқ	Түрлі пішіндегі ыдыстарды құммен толтырғызып салмағын анықтату. Қармен толтырған кезде қандай болғандарын естеріне салу. Су толтырып салыстырып көруін ұйымдастыру.	«Қазына» ойынын ойнату Су өткізбейтін қорапқа (тәттілер немесе ойыншықтар) салынып, белгілі бір жерде шөптер мен гүлдер арасына жасыру Балалар іздеген кезде	Дихандардың еңбек әрекеті бейнеленген суреттерді көрсету. Олардың еңбегі туралы әңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Бақылау.

	«шүлдік ойыны» Еркін ойындар. Бақылау. Мақсаты: Ағаштар мен құстарды бақылату. Оларды не байланыстырады анықтату. Құстарға су бергізу. Ағашқа су құйдырту. (еңбек әрекеті)	киімдерімен іздерін салу және тануды ұйымдастыру. Қармен жасағанда қандай болғанын естеріне түсіргізу. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті) Қимылды ойын «ұшты ұшты» Балалардың еркін әрекеті. Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылуды жетілдіру	(Танымдық іс-әрекет) Балалардың қалауы бойынша құммен ойындар, ұялар, үнгірлер құрастыруды дамыту. (Шығармашылық іс-әрекеті) Қимылды ойын «Аққу қаздар»	қазынадан алыстаса «Суық» деп жақындаса «Жылы» деп бағыттап отыру (танымдық іс-әрекеті) Бақылау. Мақсаты: Жаз бен көктемнің айырмашылығы туралы сұрау (Танымдық іс-әрекеті) Қимылды ойын Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.	Мақсаты: Құстарды бақылату. Олардың тіршілігіндегі өзгерістерді байқату. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «ұшты ұшты» «Қауіпсіздік ережелері» - табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздеріне үйрету
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.				

	(дербес ойын әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру . (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру «Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары) Азық-түліктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзіңді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?) тақырыбында әңгімелесу
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу күй тыңдату. (музыка) «Күй күмбірі» - музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) «Суды, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Топтағы қарапайым еңбек әрекетін жасату. (Танымдық, іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарымен әр түрлі құрылымдар құрастыруға жағдай жасау	Ойынның түрлері туралы кітаптар қарату. Таныс емес ойындарды ойнату. Балалардың өз ойларын білдіруге үйрету. (Танымдық, зерттеу іс-әрекет) Табиғи материалдармен құрыстыру жұмыстарын жасату, балалардың шығармашылығын жетілдіру. (шығармашылық іс әрекет) «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» сюжетті-рөлдік ойындар ойнату.	«Біздің үйде ойнайтын ойындарымыз» тақырыбында балалармен әңгімелесу. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындату. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіруін қалыптастыру. (музыка)	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан ойыншық жасату (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер) Туған жер туралы мақалдарды естеріне түсіріп қайта жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» сюжетті-рөлдік ойындар ойнату.	«Күй күмбірі» - шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында күй қою Ойын орталығының макетін жасату. Таңдаған тақырыпқа ұжымдық жұмыс. ермексаз, табиғи материалдарды қағазды қолдану арқылы. (Шығармашылық , танымдық іс-әрекеті) Кітаптар қарау, жеке әңгімелер жүргізу.
Балалармен жеке жұмыс	Балалар салауатты өмір салтының құндылығын түсінуге талпындыру	Балалар сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды дамыту	Балалар апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйрету	Балалар таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды	Балалар ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екенін түсіндіру және ажыратуды дамыту

				қиюды жетілдіру	
